

ӘОЖ 338.38

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАР ТУРИЗМІНІҢ ДАМУ  
ЖАҒДАЙЫ**

**Тельман Камила, Дуйсеханова Гульсум**

*[gsuttibayeva@mail.ru](mailto:gsuttibayeva@mail.ru)*

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, «Туризм» мамандығының 2 курс студенттері

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Рустемова С.М.

Қазіргі уақытта туризм – қарқынды дамып келе жатқан экономикалық қызмет салаларының бірі. Халықтың ерекше қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында, туризмді ұлттық экономиканың ірі дербес саласына айналдыру көзделініп отыр. Қазақстан - Ұлы Отан соғысына қатысқан бірегей ел. Сонымен қатар, көшпелі халықтың мәдениетіне ие және барлық мүмкін болатын табиғи ресурстарға бай, ал осының барлығы-Қазақстанның шексіз туристік әлеуетінің бар екенінің тағы да бір айқын дәлелі.

Қазақстандағы туризмнің дамуы тарихи-өлкетанулық қызметпен, халықтың дәстүрін зерттеумен, фольклермен байланысты. Мәдени орталықтарды құрастыруда Қазақстан туристік бизнесін ерекше, қайталанбастай етіп жасау тұтынушыларды тартады.

Балалардың әр түрлі істерге қызығушылығы біздің еліміздің дамуына септігін тигізетінін де ескере кету керек. Туризмді дамытудың кілті – кадрларды даярлау жүйесі. Оны өсіп келе жатқан жас ұрпақтың қызығушылығын арттыру арқылы қолға алуға болады. Жаңа ұрпаққа жеткізудің маңызды жолы-ата-бабаларымыздың жинақталған тәжірибесі, ұлттың рухани сауығуы мен мәдени дамуын қалыптастыру болып табылады.

Қазақстандағы балалар-жасөспірімдер туризмі - балалар-жасөспірімдер туризмінің орталықтары, жас туристер станциясы, спорт мектептері жанындағы спорттық туризм секциялары жүйесі түрінде мемлекеттік негізге ие.

Болашақ ұрпақ адамгершілік бағдарларын жоғалтпауы керек, қылмыстық ортаға, маскүнемдікке немесе нашакорлыққа салынбауы керек. Мемлекет пен қоғам алдында өте маңызды міндеттер тұр, бұл жас ұрпаққа балалар туризмінің тамаша әлемін көрсету және оны барлық формалар мен түрлерде дамыту.

Туризммен айналысу балалардың қозғалыс белсенділігін арттырады, ерік-жігерді тәрбиелейді. Балалар өмірлік маңызды білім, білік және дағды қалыптастырады, табиғатпен үйлесімдікте өмір сүруге және ол арқылы өзін тануға, кедергілерді жеңуге үйренеді. Жастардың туристік-өлкетану үйірмелеріне қатысуы оларға қоршаған орта туралы, практикалық өлкетану қызметіне қатысу барысында білімдерін кеңейтуге, туристік жорықтарда әр түрлі пәндерді пайдалану дағдыларын игеруге мүмкіндік береді [1].

Жалпы, Елордамызда «Жас туристер станциясы» жұмыс істейді, оның негізгі міндеті - Астана қаласында жаппай балалар мен жасөспірімдер туризмін дамыту, туған өлкені, қоршаған ортаны, тарих және мәдениет ескерткіштерін тану арқылы патриоттыққа тәрбиелеу; сонымен қатар табиғатпен қарым-қатынас жасау, ерік-жігер және рухани тәрбиелеу арқылы оқушыларды салауатты өмір салтына баулу. Бүгінгі күні станцияда 640-тан астам орыс және қазақ балаларына арналған жаяу жүру туризмі, күзға өрмелеу, альпинизм, спелеотуризм, археологтар, «жас велотуристер», «туризмнің жас нұсқаушылары», «жас экскурсоводтар», «Географтар-өлкетанушылар», «кіші туризм», «Изотуризм» бағыттары бойынша оқитын топтар бар. Осы бағыттар бойынша сабақтар тегін жүргізіледі. Сондай-ақ қала аумағында базалық мектептерде тәжірибелік туристік-өлкетану алаңдары жұмыс істейді.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының азаматтарына патриоттық тәрбие берудің мемлекеттік бағдарламасы туралы» жарлығында, «Менің Отаным – Қазақстан» республикалық туристік-өлкетану экспедициясы шеңберінде экотуризм мен өлкетануды дамыту бағдарламасы аталып өтілді. Бағдарламаны іске асыру барысында, патриоттық тәрбие жөніндегі жұмыс, гуманизм, адамгершілік, адалдық, әділдік, жеке тұлға бостандығы, құқықтық қоғам және демократия идеяларының негізінде құрылуы, сонымен қатар, әрбір отбасын, балабақшаларды, жалпы білім беретін мектептерді, колледждер мен университеттерді, әрбір еңбек ұжымын қамтуы тиіс жайлы аталып өтілді [2].

Қазақстан Республикасында балалар-жасөспірімдер туризмін дамытудың 2012-2016 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі – Даму Бағдарламасы) «Қазақстан Республикасында туризмді дамытудың 2007-2011 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 29 желтоқсандағы № 231 Жарлығын орындау үшін әзірленді. Бағдарламада балалар-жасөспірімдер туризмі жеке тұлғаны тәрбиелеудің бірегей үлгісі, тиімді сауықтыру технологияларының бірі және табиғатпен, есірткіге және зиянды әдеттерге баламалы қарым-қатынас арқылы адамның салауатты өмір салтын қалыптастыруға, белсенді бос уақытын және жұмыспен қамтуды ұйымдастыруға, табиғаттағы мінез-құлық мәдениетін дамытуға, тарих және мәдениет ескерткіштеріне ұқыпты қарауға, туған өлкені практикалық тануға, сондай-ақ әлеуметтік бейімделуге, кәсіби бағдарлауға, салауатты өмір салтын қалыптастыруға ықпал ететін өскелең ұрпақты тәрбиелеуде мемлекеттік маңызы зор азаматтық пен патриотизмге тәрбиелеу жайлы аталып өтілді.

Ресми деректерге сүйенсек, жыл сайын Қазақстанда балалар мен жеткіншектердің 91 пайызы жазғы демалысын 11 мыңнан астам түрлі үлгідегі сауықтыру кешендерінде өткізеді екен. Ақмола облыстық білім басқармасының мәліметінше, 2017-2018 оқу жылында 1-10 сынып оқушыларының саны 111700 жеткіншекті құрады. Ағымдағы жаз мезгілінде 110583 бала оқу-сауықтыру жобаларына қатысады. Бұл – жеткіншектер құрамының 99 пайыздық көр-сеткіші. Өңір бойынша оқушыларды сауықтырумен 13

мемлекеттік және 6 жекеменшік лагерь айналысады. Мемлекеттік лагерьлердің сегізі табиғи су қоймаларының маңында орналасса, қалған бесеуінің ашық аспан астындағы бассейндері бар. Мұндай нысанға Зеренді ауданындағы «Сұңқар» лагерьі жатады. Ақмола облысында жазғы демалысты ұйымдастыру бойынша қызу жұмыс жүргізілуде. Мәселен, облыстың 650-ге жуық білім ордасы қызықты жазғы бағдарламалар мен арнайы жобалар ұсынып отыр. Сонымен қатар оқушылардың танымдық қызығушылықтарын дамыту мақсатында ағыл-шын тілін үйренуге арналған бағдарламалар ұйымдастырылды. Жас экологтар жазғы демалыстарын шатырлы, киіз үй, экологиялық және спорттық лагерьлерде өткізу мүмкіндігіне де ие болуда. Жазғы оқу-сауықтыру мекемелеріне жіберу жолдамасына көп балалы отбасынан шыққан, жетім, қамқоршысынан айырылған, мүгедек балалар ие.

31/05/2018 күні Ақтөбе облысында ҚР мемлекеттік хатшысына ерекше балаларға арналған лагерь таныстырылды. «Күншуақ» лагерьі – ТМД елдеріндегі жалғыз инклюзивті жыл бойғы ерекше балаларға арналған лагерь.

Лагерь алғашқы демалушыларын осы жылдың маусым айында қабылдайды. Өңір басшысы Бердібек Сапарбаев мемлекеттік хатшыға балалардың толыққанды дамуына барлық жағдайды жасауға бағытталған «Бақытты бала» жобасының жүзеге асырылып жатқанын жеткізді. «Күншуақ» лагерьі «Бақытты бала» өңірлік жобасы аясында Алға ауданының Бестамақ ауылынан 3 шақырым жерде орналасқан «Ақбөбек» жазғы лагерьі жанынан құрылды. 1964 жылы салынған «Ақбөбек» лагерьі Алға балалар үйінің тәрбиеленушілеріне арналған. Алайда, олардың санының азаюына байланысты лагерь соңғы үш жылда және өткен жазда бос тұрды. Демалыс аймағы аумағында 8 тұрғын үй корпусы, асхана, клуб, монша, спорт алаңдары мен басқа да ғимараттар бар. Барлық нысандар қалпына келтірілген. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды коррекциялық қолдаумен, жазғы демалыспен қамтамасыз ету және сауықтыру үшін барлық жағдай жасалған. Биыл «Күншуақ» лагерьінде 650 бала демалады деп жоспарланып отыр. Сондай-ақ, мұнда мемлекеттік хатшыға оқу корпусы бар «Әсем» жыл бойғы лагерьі таныстырылды. Соның арқасында балалар оқудан қол үзбей-ақ демала алады. «Әсем» балалар лагерьінің демалыс аймағы Ақтөбе қаласында 13 гектар алаңда орналасқан. Келешекте лагерь халықаралық болуы қажет [3].

Жыл сайын облыстық білім басқармасы санитарлық-эпидемиологиялық қызмет өкілдерімен бірлесе отырып, еліміздің мемлекеттік балалар сауықтыру лагерьлерін жоспарлы түрде тексерістен өткізеді. Тексеріс нәтижесінде 2017- 2018 жылдар аралығында заңсыз жұмыс істейтін лагерьлер анықталған жоқ. Оқушылардың әскери-патриоттық сезімін арт-тыру мақсатында «Звездный» балалар сауықтыру орталығында 200-ден астам баланы қамтитын шатырлы кешен ұйым-дастырылып, алғашқы демалушыларын қарсы алды. Мектеп оқушылары мен студенттерге арналған «Ұлы Дала елі» атты туристік-аймақтық зерттеу экспедициясы тамыз айына дейін жалғасын тапты (2018 жыл). Бұл ауқымды жобада 5 мыңнан астам қатысушы ел тарихы мен шежіресін зерделді. Құрамына 500 адамды жинаған туристік топ Бурабай ауданында республикалық жиын өткізсе, 10 мыңға жуық оқушы Ақмола облысы және еліміздің басқа да аймақтарына сапар шекті. Сондай-ақ жүзден астам мектеп оқушысы ауыл өмірін зерттеп, салт-дәстүрлермен танысуға бағытталған «Бір апта ауылда» әлеуметтік бастамасына қатысу ниетін білдірді [4].

Бұрын айтылғандай, туризм ел экономикасының жоғары табысты салаларының бірі. Ең қажетті табиғи ресурстар біздің елімізде өте көп, тіпті бұл байлықтың бізде артық екенін айтуға болады. Туризмді тиімді дамыту үшін әрі қарай жоғары білікті кадрлар қажет.

Бірінші кезекте, өлкетануды дамыту қажет. Қазақстандық ішкі туризмді дамыту, тарихи-мәдени мұраны толыққанды зерттеу негізінде экскурсоводтар, гидтер, өлкетанушылар сияқты мамандарды даярлау жүйесін әзірлеу қажет. Сонымен қатар, балалар мен жасөспірімдердің тілектерін және де қажеттіліктерін ескеру қажет. Балаларға арналған демалыс орындарында білікті психолог мамандарын міндетті түрде жұмыс істеу қажет. Ерекше балаларға да назар аудару керек, ұсыныс ретінде Ақтөбеде ашылған Күншуақ лагерьінің басқа да облыстық қалаларда бөлімдерін ашып, мүмкіндіктерді

кеңейтуге болады. Ішкі туризмді дамыту, сондай-ақ бәсекелестер елдерінің сервисінен ерекшеленетін бірегей тур өнім, бірегей туристік қызмет көрсетуді ұсыну қажет.

Осылайша, балалар-жасөспірімдер туризмін дамыту біздің мемлекеттің экономикасы үшін үлкен рөл атқарады, бұл осы саланы дамытудың маңызды факторы болып табылады.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Развитие детско-юношеского туризма средствами туристско-краеведческих экспедиций в РК / А.М. Айтжанов

2. Развитие детско-юношеского туризма /Кузьменко М.

3. Балалар демалысы қызықты өтуде мақаласы [Электронды қор]. – Кіру тәртібі: <https://egemen.kz>

4. [Электронды қор]. – Кіру тәртібі: <http://aktobe.gov.kz>